

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы директорларының кеңесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1175 Қаулысы. Құші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Ескерту. Атауындағы және мәтініндегі "жабық" деген сөз алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.05.21. N 570 қаулысымен .

Акционерлік қоғамдар туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру және мемлекеттік мүлік комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) акцияларының пакеттеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі күқықтарын Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігіне берсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.07. N 432 қаулысымен

2 . күші жойылды

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 873 қаулысымен

3. Директорлар кеңесі бір апта мерзімде Қорға несие беру туралы шешімдерді қарau мен қабылдау тәртібін айқындасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1) "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997ж. N 17, 152-құжат):

6-тармақтағы "Байқаушы кеңесі" деген сөздер "Директорлар кеңесі" деген сөздермен аудастырылыс ;

9-тармақтағы "Байқаушы кеңесі" деген сөздер "Директорлар кеңесі" деген сөздермен аудастырылыс ;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері

мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659

қ а у л ы с ы н а :

1 және 2-тармақтардағы "министрліктерге" деген сөзден кейін "және өзге де мемлекеттік органдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымшада:

тақырыбы "өзге де мемлекеттік органдар" деген сөздермен толықтырылсын;

215-реттік нөмірлі жол алынып тасталсын;

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.07. N 432

қ а у л ы с ы м е н .

5. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы Байқаушы кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 44 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 3, 17-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол жойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 17 тамыздасы

N 1175 қаулысына

қосымша

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы

Манақбай Толымбек

- "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы, төраға (келісім бойынша)

Кравченко

- Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда бірінші вице-министрі,

Иван Михайлович

төрағаның орынбасары

Алдабергенов

- Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

Нұрлан Шәдібекұлы

төрағасының бірінші орынбасары

Тәжіяқов

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының

Бисенғали Шамғалиұлы

орынбасары (келісім бойынша)

Исаев

- Қазақстан Республикасының Экономика

Батырхан Арысбекұлы

және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Кадюков
Николай Викторович

- Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Мемлекеттік
мұлік және жекешелендіру
комитеті төрағасының орынбасары

Имашев Берік Мәжитұлы

- "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"
акционерлік қоғамы Басқармасының

т е р ағ а с ы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.08.17. N 914 ,
2003.05.07. N 432 , өзгерту енгізілді - 2003.11.29. N 1217 , 2004.05.21. N 570 ,
2004.07.26. N 791 , 2005.03.19. N 250 , 2005.05.03. N 417 , 2005.09.29. N 967 ,
2005.10.20. N 1050 , 2005.11.01. N 1090 қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК